



**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

**Түркістан-2018**

## МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЖАЙТТАР, SWOT АНАЛИЗ	3
2.	МИССИЯ, КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТ, НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	12
3.	СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР	13
3.1.	Оқыту сапасын арттыру және кәсіби білім беру	15
3.2.	Практикаға бағытталған озық зерттеулерді ұйымдастыру	16
3.3.	Тиімді әріптестік және халықаралық серіктестікті дамыту	16
3.4.	Тиімді корпоративті басқару және инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту	17
4.	СТРАТЕГИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ	18
5.	БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	20
6.	ҚОЛДАНЫЛҒАН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР	21

## 1. ЖАЛПЫ ЖАЙТТАР

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ҚР Тұңғыш Президентінің тапсырмасымен ашылған (1991ж. 6 маусым, № 329 қаулы).

Түркі тілдес республикалары президенттерінің басқосуы барысында ҚР Үкіметі мен ТР Үкіметі арасында Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін ашу туралы келісімге (Анкара, 31.10.1992) қол қойылды.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға» 23 желтоқсан 2010 жылы қол қою арқылы тараптар мемлекеттердің университетке қатысты құқықтары мен жауапкершіліктерін нақтылап, әкімшілік-шаруашылық басқару мен құқықтық мәселелерді ретке қойды. Жаңа келісім және оның ажырамас бөлігі есептелетін хаттама Қазақстан Республикасының Парламенті тарапынан 9 қаңтар 2012 жылы ратификациядан өтті («Егемен Қазақстан» газеті, 17 қаңтар 2012 ж.).

Халықаралық қазақ-түрік университеті түркі тілдес мемлекеттердің ішіндегі жоғары деңгейдегі бірінші университет болып саналады және университетте бүкіл әлемнің 17 елінен 41 түркі ұлттары мен ұлыстарының өкілдері оқиды. Университетте 8 мыңнан астам студент қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде білім алады, 54 бакалавриат, 30 магистратура және 11 докторантура, 6 интернатура, 5 резидентура бағдарламалары бойынша жоғары білімді кәсіби мамандар дайындалады.

Университеттің орталығы Түркістан қаласында 226,9 гектар аумақтағы алаңға орналасқан. Университеттің Түркістан қаласындағы кампусынан тыс Шымкент және Кентау қалаларындағы оқу базалары, Алматы қаласындағы ғылыми-зерттеу орталығы білім және ғылым саласында қызмет атқарады.

Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасының (ТүрТЕП) координациялық және басқару іс-шаралары Анкара қаласында орналасқан құрылымдар арқылы жүзеге асырылады. Білім ордасы Қазақстан мен Түркия Республикалары тарапынан құрылған 10 мүшеден тұратын Үкіметаралық Өкілетті Кеңес арқылы басқарылады. Өкілетті Кеңес Басқармасы Анкара қаласында орналасқан.

Университеттің әкімшілік-шаруашылық және академиялық құрылымы Жарғыға сәйкес анықталады. Әкімшілік-шаруашылық, қаржы және академиялық бағыттарда шешім шығарушы ең жоғары орган - Өкілетті Кеңес; академиялық басқару - университет Сенаты; әкімшілік-шаруашылық, академиялық және қаржылық басқару органы - университет ректоры мен І вице-президенті; қаржы бақылау құзыреті - қаржы бақылау комиссиясында болып табылады.

Университетті корпоративті басқаруы академиялық еркіндік, транспаренттілік, есептілік, тең құқықтылық пен жауапкершілік қағидаттары

негізінде және Қазақстанның және Түркияның академиялық талдау және сапаны қамтамасыз ету стандарттары, ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдары, ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына негізделген.

Университетте Болон үдерісінің талаптарына сәйкес бакалавриат-магистратура-докторантура (резидентура) бойынша үш деңгейлі жүйе, кредиттік білім беру, еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру, білім алушылардың академиялық мобильдігін арттыру және университетті басқару жүйесіне қатысу тетіктері енгізілген. Бұл қадамдардың барлығы білім берудің сапасын арттыру және дипломдардың түркі тілдес елдерде танылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының білім және ғылымын дамыту бағдарламасына және нормативті-құқықтық актілеріне өзгерістер ендірілуде. Соның ішінде, жоғары білім беру ұйымдарына академиялық еркіндік беру туралы өзгерістер де ендірілген. Осыған орай, Ахмет Ясауи университетінің қазіргі уақытта басты институционалды міндеттерінің бірі - қазіргі заман талаптарына сәйкес білімгерлерді сапалы оқыту, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау, оқу орнының имиджін арттыру және тиімді корпоративтік басқару.

### **Ішкі талдаулар**

**Басым бағыттар:** Жоғары білімнің қазіргі заманғы трендтері оқу орындарының негізгі ұстанымдарына айналуға. Олар:

- білім берудегі Ұлттық және Еуропалық біліктілік шеңбері;
- білімді интернационализациялау;
- академиялық ұтқырлық;
- жоғары білім сапасын қамтамасыздандыру жүйесі ;
- дипломға еуропалық қосымша (DIPLOMA SUPPLEMENT);
- тиімді менеджмент. Стратегиялық жоспарлау;
- корпоративті басқару қағидалары;
- студентке бағытталған оқыту: оқу үдерісіндегі білімгерлердің белсенділіктерін ынталандыру;
- білім беру бағдарламалары: трендтер, нәтижелер, сапа;
- тұлғаға бағытталған оқыту парадигмасы.

Түркістанның урбандалуы және қалалық трансформацияға университеттің белсенді қатысуы және үлес қосуы, Түркістанның облыс орталығына айналуы, университет тарапынан халыққа арналған әлеуметтік

қызметтерді көбірек ұсынуы, университеттің ботаникалық бағында жаңашыл және зерттеу жұмыстарын жасау, мемлекеттік, қоғамдық мекемелермен ортақ жұмыстар жүргізу, университетте қашықтықтан оқыту бағдарламасын олар әрі дамыту, аймақтық, республикалық және халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру, университетті таныту және беделді имиджін қалыптастыру жағынан белсенді жұмыстар жүргізу, басқа да университеттермен ынтымақтастық орнату және жергілікті билік өкілдері мен қоғамдық бірлестіктермен ортақ жұмыс жасау, бірлескен жобалар жасау секілді жұмыстарды жандандыру қажет.

Сонымен қатар, тіл үйренудегі кемшіліктерді жою және ғылыми әлеуетті дамыту мақсатында университет мамандарын шет елдерге жіберу, университеттің аймағын жасылдандыру, оқытушылар мен қала тұрғындарының түрлі іс-шараларда белсенді араласуына мүмкіндік жасау, оқу және әлеуметтік ғимараттардың жағдайлары мен жұмыстарын оңтайландыру, жақсарту жұмыстарын жүргізу қажет. Мәселен, жоғары білім беру саласындағы әлемдік жетекші эксперттердің мәлімдеуінше, әлемдік деңгейдегі университетке бір-бірін толықтыратын үш маңызды фактор негізінде жетуге болады. Ол: (а) таланттардың жоғары концентрациясы (оқытушылар мен студенттер), (ә) оқыту мен озық ғылыми зерттеулерді жүргізуге толық жағдай туғызу үшін қажетті ресурстар жеткіліктігі және (б) стратегиялық инновацияны дамытуға қажетті жоғарғы білім беру ұйымын басқару жүйесі. Жаһанданған әлемде жоғарғы оқу орнын бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері аса маңызды. Бұған емін-еркін қол жеткізу үшін студенттерді оқыту жүктелген оқытушы құрамының кәсіби маман болуымен қатар, шет тілдерін жетік меңгеруі және ең аз дегенде бір шет тілін білуі маңызды. Университетіміз бұл мәселеге көп көңіл бөліп, оқытушы-профессорлар құрамын мүмкіндігінше шетелдерге жіберу, тағылымдамадан өткізу және мекеменің ішінде тәжірибеге бағытталған курстар ашудың маңызы жоғары.

#### **Университеттің қол жеткізген жетістіктері:**

- Университеттің халықаралық статусы болуы.
- Білім беру және ғылыми-зерттеуге ықыласы бар, жоғары білімі бар 973 оқытушы-профессорлар құрамы жұмыс жасайды.
- Оқу орнында Қазақстаннан басқа шетелдік 1380 студент (жалпы контингенттің 15 %-ы) білім алуда.
- Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінен басқа университетте бүкіл әлемнің 17 елінен келген 41 ұлт мен ұлыстың өкілдері оқиды.
- Білімгерлер Қазақстан және Түркия Республикасы тарапынан бөлінетін мемлекеттік екі білім беру грантына ие.
- Құрамында медицина мамандығын дайындайтын Қазақстандағы халықаралық деңгейдегі көпсалалы тұңғыш университет.
- Университетте заман талаптарына сай кампустардың, инфраструктураның, медициналық қызмет көрсететін клиниканың, ботаникалық бақтың болуы.

- 2014-2018 жылдар аралығында «Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі» (Астана) арқылы білім беру бағдарламаларының (106-дан 91) аккредиттелуі.
- «Тіл білімін жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, Түркия гранты негізінде оқитын білім алушыларға тіл курстарының тегін ұйымдастырылуы.
- Қашықтықтан білім беруді жаңа форматта дамытуға және оқыту саласында кеңінен қолдануға ықпал ететін ТүрТЕП және КазТЕП халықаралық тәжірибесінің болуы.
- Түркістан қаласының облыс орталығына айналуы және түркі әлемінің астанасы ретінде танылуы.

### SWOT ТАЛДАУЛАР

	<b>S(strengths) – Күшті жақтар (потенциалды позитивті ішкі факторлар)</b>
1.	Университеттің халықаралық статусы болуы және ҚР және ТР қаржылық, интеллектуалдық ресурстарын қолдану мүмкіндігі
2.	Құрамында медицина мамандығын дайындайтын Қазақстандағы халықаралық деңгейдегі көпсалалы тұңғыш университет
3.	Заман талаптарына сай кампустардың, инфраструктураның болуы
4.	Білімгерлерге Қазақстан және Түркия Республикасы тарапынан бөлінетін мемлекеттік білім беру гранттарының болуы
5.	Университетте бүкіл әлемнің 17 елінен келген 41 ұлт пен ұлыстың өкілдері оқуы және оқу орнында 15 % шетелдік студенттердің білім алуы
6.	Білім беру бағдарламаларының (106-дан 91-і) аккредиттелуі
7.	Сапа менеджменті жүйесінің ендірілуі және оның тұрақты қалыпта жұмыс істеуі
8.	Заманауи талаптарға сай жаңа кітапхана ғимаратының іске қосылуы, толық мәтінді халықаралық ғылыми базаларға қолжетімділігі
9.	Шетелдік профессорлар мен мамандардың еуропалық тәжірибе, әдістерімен алмасу, білім берудің жаңа инновациялық технологияларын пайдалану мақсатында оқу орнына шақыртылуы
10.	Оқытушылар мен студенттерге ағылшын және түрік тілдерін үйретуге бағытталған бағдарламалардың болуы, «Тіл білімін жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты негізінде оқитын білім алушыларға тіл курстарының тегін ұйымдастырылуы
11.	Түркия Республикасының алдыңғы қатарлы жоғары білім беру ұйымдарымен тығыз ынтымақтастық негізінде жасалған меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы
12.	Оқытушы-профессор құрамының, кафедралардың, факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша ынталандыру және еңбектерін бағалау

	жүйесінің болуы
13.	Медициналық мамандықтардың білім алушылары үшін клиникалық дағдыларды дамытуға және бағалауға арналған заманауи үлгіде жабдықталған Симуляциялық орталықтың болуы
14.	Қашықтықтан білім беруді жаңа форматта дамытуға және оқыту үрдісіне кеңінен қолдануға ықпал ететін ТүрТЕП және КазТЕП халықаралық тәжірибесінің болуы
15.	Дарынды және қабілетті жастарды іздеуге бейімделген жүйенің жаңартылып, дамуы («Ясауи» пәндік олимпиадасы, Дарын РФПО-мен тығыз байланыс)
16.	Түркі тілдес елдер мемлекеттер мен қауымдастықтар жастарының университет ішінде шоғырлануы
17.	Түркістан қаласының облыс орталығына айналуы және түрік әлемінің астанасы ретінде танылуы

№	<b>W(weakness) – Әлсіз жақтар (потенциалды негативті ішкі факторлар)</b>
1.	Білім беру бағдарламаларының сапасы төмен және олардың тәжірибеге бағытталуы жеткіліксіз деңгейде (барлық факультеттер бойынша ұсынылған есептердің негізінде стейкхолдерлердің талдауы жоқ, жұмыс берушілердің маман қажеттілігін анықтау және олардың сапасына қанағаттануы бойынша сауалнамасы жүргізілмеген).
2.	Педагогикалық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларында қазіргі таңда Қазақстан, Түркия және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардың орта мектептеріне енгізіліп жатқан инновациялар қамтылмаған (жаңартылған білім беру, критериалды бағалау, сыни ойлау және т.б.).
3.	Оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи түрлері, оқытудың белсенді формалары мен жаңа технологиялары нашар пайдаланылған (Үздіксіз білім беру институты ОПК мен қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру бойынша семинарларды сирек жүргізген).
4.	Университетте аймақтың қажеттіліктеріне бағытталған техникалық және басқа мамандықтар бойынша кадрларды дайындау жүзеге асырылмайды (кұрылыс, сәулет, ауыл шаруашылығы, ветеринария, жобалық менеджмент, IT және т.б.). Негізінен, оқыту гуманитарлық мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.
5.	Университетте ағылшын және түрік тілдерінде оқытылатын пәндердің жеткіліксіз деңгейде болуына байланысты көптеген шетел жоғары білім беру ұйымдарынан оқу орнымызға келіп білім алуға ниет білдіруші студенттер көрсеткішінің төмен болуы, университет имиджін арттыратын кәсіби бағдар жұмыстарының жеткіліксіздігі.
6.	Оқу үдерісінде полиоқыту (көптілді) топтарының аз болуы.
7.	Студенттердің білімін бағалаудың түрлері талаптарға сай емес, білімді бақылау нысанының 80%-ы жазбаша түрде жүргізіліп отырған.

8.	Емтихандар тапсыру кезінде шетел студенттерінің құқықтарын бұзу жағдайлары және оқытушылардың олардың білімін бағалау кезінде субъективті көзқарасы орын алған.
9.	Медицина мамандықтарынан басқа білім алушылар контингентінің жылдан жылға азайып, аз санды топтардың көбеюіне байланысты білім беру траекторияларының шектеулі болуы.
10.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының лицензияларын талдау кадрлар даярлауда үш деңгейлі жүйенің бұзылғанын көрсетеді: докторантурада «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Қоғамдық денсаулық сақтау» бағдарламалары бар, алайда магистратура бағдарламалары жоқ.
11.	Қос дипломды білім беру бағдарламасының болмауы.
12.	Дуалды оқыту бағдарламасының дайындалуы, оқу үдерісіне ендіру көрсеткіштері төмен.
13.	Докторантураның тиімсіз жұмыс істеуі. Докторантура бітірушілердің уақтылы мерзімде диссертация қорғау көрсеткіштері төмен, түлектердің 10-20 %-ы ғана уақтылы қорғап отырған.
14.	Магистранттар мен докторанттар қолданыстағы ережелерді бұза отырып, университеттің құрылымдық бөлімдерінде бірнеше басшылық қызметтерде жұмыс жасайды.
15.	Жұмыс берушілер қаражаты есебінен білім алушылардың үлесі төмен. Университеттің түлектеріне еңбек нарығында сұраныс төмен, осының нәтижесінде олар жалақысы аз жұмысқа орналасады.
16.	Университеттің кадр даярлау жөніндегі стратегиясы мен түркі тілдес мемлекеттердің дамуы бағдарламасы арасында байланыстың әлсіздігі, бітіруші түлектердің еңбек нарығында толық қамтылмауы.
17.	ОПҚ-ның білім беру сапасына мониторинг жүргізуі, білім деңгейін арттыру мақсатында білімгерлердің оқу жетістіктерінің нәтижелеріне талдау жүргізілуі және түзету шараларын жетілдіру жөнінде шешім қабылдауы төмен деңгейде.
18.	Оқытушылардың біліктілігінің жеткіліксіздігі: а) Түрік, орыс, ағылшын тілдерін жақсы білмеуі. Тестілеуден өткен 377 қатысушының тек 17,5%-ы ғана ағылшын тілін upper-intermediate және одан жоғары деңгейде ғана білуі. б) Оқу үдерісінде заманауи оқыту технологияларын жеткіліксіз пайдалануы: интерактивті әдістер мен ақпараттық технологиялар, тренингтік жүйелер, кейс-технологиялар және т.б.
19.	Университет оқытушылары мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыстың жоқтығы. Оқытушылардың біліктілігін арттыру формальды түрде жүргізіледі, персоналмен жұмыс жасаудың заманауи HR әдісі жоқ.
20.	Ағылшын және түрік тілдерін меңгеру деңгейінің төмендігіне байланысты білім алушылар мен оқытушы-профессорлардың академиялық ұтқырлықпен баруы, шетелде тағылымдамадан өтуі,



	халықаралық қорлар конкурстарына қатысу мүмкіндіктері төмен.
21.	Бірқатар мамандықтар бойынша ғылыми дәрежесі бар ОПҚ-ның үлесі аз. Ғылыми дәрежелі жас оқытушылардың да үлесі төмен, профессор-оқытушылар құрамының шамамен 42%-ын 40 жасқа дейінгі жас оқытушылар құрайды, олардың тек 23%-ының ғана ғылыми дәрежесі бар.
22.	Басшылық және ОПҚ ішінде әлемдік деңгейдегі біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар, маңызды іс-шараларды жоспарлап, жүзеге асыра алатын мамандар және ОПҚ тапшы. ОПҚ мен әкімшілік қызметкерлерінің құзыреттілік шеңбері төмен (білім беру және ғылыми-зерттеу қызметтерін жүзеге асыру үшін қажетті базалық, басқарушылық және кәсіби қабілеттілігі).
23.	Әкімшілік қызметкерлердің мансаптық және кәсіби дамуына арналған жоспарлары жоқ (білімге қажеттіліктерді анықтау, конференцияларға, форумдарға, КРІ және даму жоспарына қатысу, тіл білу деңгейін тәуелсіз бағалау және оларды сертификаттау, кадрларды көлденеңінен және тігінен алмастыру).
24.	Университеттің кейбір қызметкерлері екі және одан да көп басшылық лауазымдарда немесе басқа ұйымдарда толық мөлшерде қатарынан жұмыс істейді.
25.	Университетті басқару жүйесінің икемсіздігі, құрылымдық бөлімдер функцияларының қайталануы.
26.	Жарияланым белсенділігінің төмен деңгейі: 2017-2018 оқу жылында импакт-факторлы журналдарда тек 93 мақала ғана жарияланды, яғни, 10 ОПҚ-ның 1-інде ғана мақалалар бар.
27.	Университеттің 7 ғылыми-зерттеу институттарының қызметі тиімсіз.
28.	Университет ғалымдарының патент алуудағы белсенділігі төмен: 900 оқытушыға бар-жоғы 10 патенттен келеді.
29.	Оқу орнында қазіргі заманғы инновациялық инфрақұрылымның болмауы
30.	Бизнес-қоғамдастықтармен, мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен қарым-қатынаста жұмыс істеу механизмдері жоқ (қоғамдық кеңестер, мектептер, қоғамдық ұйымдар).
31.	ОПҚ мен білім алушыларға көрсетілетін қызметтердің жеделдігін және ыңғайлылығын қамтамасыз ететін орталықтандырылған автоматтандырылған жүйенің болмауы.
32.	Халықаралық талаптарға сай келетін заманауи зертханалар жоқ. Оқу үдерісіне қажетті оқу және ғылыми-зерттеу зертханаларының қажетті құрал-жабдықтармен және компьютерлік технологиялармен қамтамасыз етілуі жеткіліксіз деңгейде. Физика, химия, биология және басқа да мамандықтар бойынша оқу-зертханалық база ескірген және ол соңғы 10 жыл бойы жаңартылмаған.
33.	Стоматология факультетінде профессор-оқытушылар құрамының

	біліктілігі төмен және зертханалардың техникалық жабдықталуы жеткіліксіз (стоматологиялық креслолар, зертханалар және т.б. жеткіліксіз).
34.	Мамандықтар бойынша кітап қоры жеткіліксіз. Оқу үдерісінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі нашар: 2017-2018 оқу жылына тапсырыс берілген кітаптардың тек 23%-ы ғана сатып алынған. Кітап қорының жылдық жаңартылуы 5% орнына, тек 0,2%-ды құрайды.
35.	ХҚТУ-ды қаржыландыру көздерін әртараптандыру (диверсификациялау) қажет.
36.	Университетке шақырылған оқытушылар, жетекші сарапшылар мен практиктерді тұрғын үймен қамтамасыз етуде қиындықтар бар.
37.	Басқару аппаратына шектен тыс персонал қабылданған. Мысалы, әкімшілік-басқару қызметкерлерінің штаты нормативтен (130 штат) асады. Жұмысқа қабылдау кезінде заң бұзушылық орын алған: біліктілік талаптарына сай келмейтін қызметкерлерді жұмысқа қабылдау жағдайлары бар.
38.	Студенттер жатақханамен толық қамтамасыз етілмеген (қажеттілік 2000 орын).

	<b>О(opportunities) – Мүмкіндіктер (потенциалды позитивті сыртқы факторлар)</b>
1.	Қашықтықтан оқыту, телекөпір арқылы онлайн дәрістер мен конференциялар жүргізу үдерістерін қолдану салаларын кеңейту.
2.	Болашақ, Мевлана, Эразмус және т. б. бағдарламалар аясында шетелдік ЖББҰ-да менеджменттік кәсіби біліктіліктерді жетілдіру арқылы университет басқару жүйесіне әлемдік тәжірибені енгізу мүмкіндігі.
3.	Білім алушыларды оқу орны мен өндірісте қатар оқыту, мамандар даярлауда жұмыс беруші мекемелердің жауапкершілігін арттыру мақсатында дуальды оқыту жүйесін пайдаланып жұмыс берушілердің өндірістік базаларында практикалық сабақтарды өтуі.
4.	Болон үдерісі принциптері мен «Завод-Университет» және «Major and Minor» қағидаттары негізінде практикаға бағытталған білім беру бағдарламаларының трансформациялануы.
5.	Түрік және ағылшын тілінде жүргізілетін пәндердің санын көбейту арқылы академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік университеттерден келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.
6.	Қашықтықтан білім беру жүйесінің сапасын жақсартып, оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен еңгізу арқылы диверсификацияланған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (ҚазТЕП оқу бағдарламалары, ҮКББ бағдарламалары, бленд-оқыту).
7.	Түркияда магистратура және PhD докторантура бағдарламалары

	бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежелі оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.
8.	Университет ғалымдары мен оқытушы-қызметкерлерінің ғылыми-гранттық конкурстарға белсене қатысу мүмкіндігі (Ғылым комитеті, ҚР Тұңғыш Президенті қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turks Abroad and Related Communities (ҮТВ) және т.б.).
9.	Ауқымды ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігі (сапалы материалдық-техникалық база, Қонақ үй, Мәдениет сарайы, Кітапхана, Клиника және т.б.).
10.	Шетелдік ғылыми мекемелермен бірлесіп жұмыс жасау, шетелдік беделді университеттермен байланыс орнату, бірлесіп ғылыми жобалар ұсыну.
11.	Практикаға бағытталған ғылыми зерттеулердің, магистрлік, докторлық диссертациялар тақырыптарының ҚР, ТР және басқа түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардағы нақты экономикалық, қаржылық, мемлекеттік қызмет мәселелерін шешуге бағытталуы.
12.	Қаржы көздерін оңтайландыру, университеттің эндаумент қорын құру және дамыту мүмкіндіктері.
13.	Зерттеу кластерлерінің жасақталуы және ThinkTank орталығының құрылуы.
14.	Жастар саясатын белсендіру, қоғамға волонтерлық қызметтер көрсету және әлеуметті жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі.
15.	Университеттің веб-сайтын толыққанды іске қосып және парақшаларында өзекті мәліметтерді 4 тілде уақтылы жариялау арқылы (қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде) университетті әлемге таныту мүмкіндігі.
16.	Түркі дүниесі мемлекеттері арасында ХҚТУ базасында желілік университет құру мүмкіндігі.

	<b>T(threats)–Қауіптер (потенциалды негативті сыртқы факторлар)</b>
1.	Университет орналасқан өңірде ірі кәсіпорындардың, өндіріс орындарының, ғылым орталықтарының болмауы.
2.	Түркістанның географиялық орналасуының, келіп-кету қиындығының, аридтік зонада жатуына байланысты климаттық жайсыздығының ОПК және білім алушыларды тартуға кері әсері.
3.	Тұрғындардың қаржылық кірістерінің және тұрмыс жағдайларының төмен болуына байланысты ақылы түрде білім алатын студенттердің аздығы.
4.	Зейнеткерлік жастағы профессорлар мен білікті оқытушыларды алмастыра алатын жас, білікті мамандардың жеткіліксіз болуы.

5.	Жалпы орта білім беретін мекемелерді бітірушілердің дайындық деңгейінің төмен болуы.
6.	Докторантура бітірушілердің уақтылы мерзімде диссертация қорғау көрсеткіштерінің төмендігі.
7.	Қазіргі заман талаптарына сәйкес білім беру технологиялары қолданыста емес (инклюзивті оқыту және т.б.).
8.	Ғылыми-зерттеу және ғылыми-инновациялық қызметтің нәтижелерін коммерциализациялаудың деңгейі төмен. Коммерциализациялау жобалары жоқ. Университет ғалымдарының Дүниежүзілік банк, «Ғылым қоры» АҚ тарапынан жарияланатын ғылыми жобалар конкурстарына қатысуы нашар.
9.	Университеттің гранттар тарту бойынша халықаралық байқауларға қатысуы мардымсыз.
10.	Университетте шығатын 3 ғылыми журналдың бірде біреуі (Билиг журналынан басқа) Түркия және ҚР БЖҒМ білім және ғылым саласын бақылау комитетінде тіркелген журналдар тізіміне кірмейді.
11.	Қаржы тапшылығының орын алуы. Қызметтің дұрыс жоспарланбауына, студент контингенті мен табыстың төмендеуіне, штаттық кестені құрудағы қателіктердің болуына, қаражатты тиімсіз жұмсауға және шығынды үнемдеу саясатының болмауына байланысты қаржыландырудың жеткіліксіздігі.
12.	Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің көріністері азайғанымен, толастамауы.

## 2. МИССИЯ, КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТ, НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

### Миссия

Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастық жастарына бір шаңырақ астында сапалы білім беру және инновациялық оқыту мен ғылыми зерттеулерде көшбасшы болу.

### Келешек келбет

Әлемдік және ұлттық рейтингте үздік жоғары білім беру ұйымдары қатарындағы университет.

### Негізгі құндылықтар

Ахмет Ясауи университетінде атқарылатын барлық іс-шаралар төменде көрсетілген құндылықтар шеңберінде жүзеге асырылады:

1. Рухани жаңғыру: Адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу, ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы.

2. Достық, теңдік және төзімділік: Университет барлық іс-шараларын құрылтайшы мемлекеттердің арасындағы достық, теңдік және мәдени айырмашылықтарға құрмет көрсете және өзара төзімділік таныта отырып жүргізеді.

3. Айқындылық: Оқу орнындағы үдерістер университетпен қарым-қатынас орнатылған ұйымдар/мекемелер (жұмыстар) алдында ашық, айқын жүзеге асырылады.

4. Парасаттылық (integrity) – оқу орнының барлық ғылыми-педагогикалық және әкімшілік қызметкерлерінің бойында құқықтық таным мен құқықтық мәдениеттің салтанат құруы.

5. Кәсібилік: оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби дағдыларды меңгеру дәрежесі, студенттерді оқытуға бағытталған білімділігі, тәртіптілігі, дамытушылық қабілеті.

6. Инновациялық: Оқытушының рухани белсенділігі арқылы оқу, ғылыми-зерттеу үдерісінде жаңа жоспарлау, жобалау, білімді игерудің жаңа жолдарын қалыптастыру.

### **3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР**

Ахмет Ясауи университетінің 2009-2013жж., 2014-2018жж. кейінгі 2019-2023 жылдарды қамтитын бұл үшінші Стратегиялық жоспары университетіміздің халықаралық ынтымақтастық тұрғысынан жаңа белестерге көтерілуін көздейтін және беделді, имиджі жоғары халықаралық оқу орнына айналдыру мақсатында дайындалды. Стратегиялық даму жоспары білім беру, ғылыми зерттеу, адам ресурстары, қоғамдық қызмет және инфраструктура бойынша сапамызды халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге бағытталған.

Ахмет Ясауи университетінің негізгі басым бағыты - білім беру. Университет одан әрі даму барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарына ден қояды. Университеттің қоғамдағы әріптестік-іскерлік саласында қызмет көрсете бастауы зерттеу жұмыстарынан кейінгі орында тұрады.

Қазақстан мен Түркия және басқа түркі тілдес елдер мен қауымдастықтарда соңғы кезде жүзеге асырылып жатқан білім беру саясатындағы түбегейлі өзгерістер, университеттерге жүктелген қызметтер арасында сапалы білім беру қызметін көрсету басты мақсат болып табылады.


Университетіміз үнемі даму үстінде және алдыңғы қатарлы университеттер қатарынан табылуда. Сондықтан да университетіміз білімгерлер санын арттыру үшін заманауи жаңа мамандықтар санын көбейтеді, соның ішінде архитектура, құрылыс, агрономия, ветеринария, жобалық менеджмент мамандықтарын ашып, бұл саланы дамытуды көздейді.

Еліміздегі демографиялық даму көрсеткішінің жоғары болуына орай, жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсуге ниеттеніп жүрген жастар көп-ақ. Сондықтан да ЖОО-да студент қабылдау санының арту үрдісі байқалады. Түркістан қаласы бойынша бір ғана Ахмет Ясауи университеті бар. Сол

себепті оқу орны осы аймақтың жоғары білім беру ұйымына деген сұранысына және күннен-күнге артып жатқан білім беру қызметімен қаланың экономикалық дамуына да үлесін қосуда.

2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық жоспар төрт бағыттан тұрады:

- оқыту сапасын арттыру және кәсіби білім беру;
- практикаға бағытталған озық зерттеулерді ұйымдастыру;
- тиімді әріптестік және халықаралық серіктестікті дамыту;
- тиімді корпоративті басқару және инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту.



Университет ұжымының алдына қойылған міндеттер мен ауқымды өзгерістерге байланысты Стратегиялық жоспарды дамыту және әрі қарай жетілдіру үнемі жалғасын таба беретін болады.

#### **4. ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ**

Оқу үрдісіндегі жаңа көзқарастар мен тәсілдер - теориялық білімдерін тәжірибелік дағдыға айналдыру үшін оқытушы мен студенттің арасындағы интерактивті өзара әрекеттесу болып табылады.

Жаңа білім беру бағдарламалары арқылы теориялық білімді практикалық дағдыға көшіру іске асырылады. Пәндердің мазмұны халықаралық тәжірибені ескереді және дәстүрлі кафедралық оқытудың орнына ситуациялық практикалық тапсырмаларды және басқарудың заманауи технологияларын қолдана отырып білім беру жүргізіледі. Білімгерлердің контингентін қалыптастырудың жаңа тәсілдері енгізілуде. Кәсіптік дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды күшейту және қабылдау емтихандарын өткізудің жаңа форматының енгізілуі білімгердің жеке қабілеттерін барынша ашуға мүмкіндік береді.

Біліктілікті арттыру курстары мамандықтың ерекшеліктері мен салалық қажеттіліктерін ескереді, сондай-ақ студенттерді кәсіби біліктіліктендіруге және олардың деңгейін көтеруге бағыттайды.

**МАҚСАТ:** Білім беру сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті мамандар дайындау.

**МІНДЕТТЕР:**

- Білім беру бағдарламаларын қазіргі заман талаптарына синхронизациялау/гармонизациялау;
- Оқыту сапасы мен инновациялық әлеуетті дамыту;
- Білімгерлер саны мен маман сапасын арттыру;
- Жоғары білікті кадр потенциалын жасақтау және дамыту.
- Рухани жаңғыру. Жастар саясаты мен білімгерлер бастамасын дамыту.

Міндеттерді іске асыру нәтижесінде:

- білім беру бағдарламалары халықаралық агенттіктерден аккредиттеуден өтеді;
- білім беру бағдарламалары қазіргі заманғы талаптарға сәйкестендіріледі;
- оқыту үдерісінде құзыреттіліктер қалыптасады;
- қазіргі заманғы жобалық және ақпараттық технологиялар мен интерактивті әдістемелерді игерген кәсіби деңгейі жоғары оқытушы-профессорлар құрамы қалыптасады;
- оқыту пәндері бойынша практикалық тапсырмалар мен кейстер дайындалып оқу үдерісіне ендіріледі;
- магистранттар мен докторанттардың зерттеу жобалары практикаға бағытталған нәтижелерге ие болады.

## **5. ПРАКТИКАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОЗЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Оқу үдерісімен бірге оқу орнының ғылыми-зерттеу компонентін жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Білім беру іс-шаралары оқытушылар жүргізетін зерттеу жұмыстарымен қатар жүруі тиіс. Зерттеу жұмыстарының

сапасы мен динамикасы айналадағы болып жатқан жаһандық экономикалық және саяси трендтерге байланысты жылдам өзгерістерге сәйкес болуы керек. Оқу үдерісі қолданбалы зерттеулермен бірге білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігінің шарты болып табылады.

**МАҚСАТ:** Зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру.

**МІНДЕТТЕР:**

- озық зерттеулерді ұйымдастыру;
- ғылыми-инновациялық зерттеу нәтижелерін практикаға ендіру және коммерциализациялау.

Міндеттерді іске асыру нәтижесінде:

- тақырыптық кластерлер бойынша зерттеу нәтижелері оқу үдерісіне ендіріледі;
- қолданбалы зерттеулерге патенттік тапсырыстар беріледі;
- рейтингі жоғары ғылыми журналдарда жарияланымдар саны артады;
- өзекті мәселелерге арналған халықаралық конференциялар, дөңгелек үстелдер, форумдар ұйымдастырылып өткізіледі.

## **6.ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІ ДАМУ**

Әріптестік пен ынтымақтастықтың тиімді серіктестігі үшін университетіміз қолда бар тәжірибелер мен үздік шетел тәжірибесін нығайтуға ұмтылады. Осыған орай, бүгінгі таңда халықаралық әріптестік құру жолдары белсенді түрде қаралып жатыр. Стратегиялық институционалдық әріптестікке көшу оқу орнының жалпы институционалдық әлеуетін арттырады.

**МАҚСАТ:** Сапалы білім беру және озық зерттеулер үшін әріптестік қарым-қатынастарды дамыту.

**МІНДЕТТЕР:**

- қоғаммен байланыс және мекеме-ұйымдармен, Түркия университеттерімен, халықаралық қауымдастықпен тиімді әріптестік қарым-қатынастар орнату;
  - аймақтық, ұлттық, халықаралық жобаларға қатысу.
- университетке халықаралық ұйымдар, орталықтар, мамандар тартылады, бірлесе орындаушылар анықталады;
  - түрлі бағдарламалар мен жобаларды ғылыми-әдістемелік және сараптамалық-аналитикалық қолдау іске асырылады;



- мемлекеттік саясат, ұлттық білім беру және бірлескен зерттеулер аясында Түркия университеттері, Назарбаев Университет және басқа алдыңғы қатарлы оқу орындарымен, бизнес-қауымдастықтармен, стейкхолдерлермен, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, шетелдік компаниялармен қарым-қатынас жасалады;
- бағыттар бойынша инвестиция тарту мүмкіндігі ашылады;
- ұлттық және шетелдік бизнес-қауымдастық өкілдерін, белгілі қоғам және саясат қайраткерлерін дәріс оқуға шақыру практикасы кеңейеді.

## **7. ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН РЕСУРСТАРДЫ ДАМУ**

Университеттің заманауи инфрақұрылымы жаңа жобаларды дамытуға бағытталған лабораториялар мен аудиториялардың материалдық-техникалық жабдықталуын, ақпараттық-ресурстық орталықтарын, «open space» (ашық) кеңселерін қамтиды. Дәл осындай жабдықталған цифрлық платформа және Е-университет, SMART кампус, білім алушыларға, қызметкерлерге және оқытушыларға алға қойған тапсырмаларын барынша кәсіби жайлылықпен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**МАҚСАТ:** Тиімді және нәтижелі іс-әрекеттер үшін жағдай жасау.

**МІНДЕТТЕР:**

- тиімді корпоративтік басқару және бәсекеге қабілеттілікті арттыру;
- құрылыс бас жоспарын дайындау және университет кампусын ұлғайту, инфрақұрылымды дамыту;
- қаржы көздерін диверсификациялау;
- материалдық-техникалық базаны модернизациялау;
- цифрлық трансформация (digital transformation).

Міндеттерді іске асыру нәтижесінде:

- университеттің IT құрылымы жаңартылады және дамиды;
- университеттің іс-әрекетіне қазіргі заманғы бағдарламалық қамтамасыз ету жоспарлы түрде ендіріледі;
- ақпараттық кеңістіктерде үнемі болу қамтамасыз етіледі;
- тиімді және сапалы оқыту үшін қажетті техникалармен жарақтандырылады;
- БАҚ, әлеуметтік желілерде, веб-сайттарда университет тыныс-тіршілігі жарнамаланады;
- университет ребрендингі.

## 8. СТРАТЕГИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ

Стратегиялық жоспарды жүзеге асыру барлық әкімшілік-шаруашылық (басқару) бөлімдері мен оқу үдерісіне қатысты бөлімдермен қатар, стратегияларды жүзеге асыруда нақты роль атқаратын ішкі және сыртқы құрылымдық бөлімдердің белсенді түрде қолдау көрсетуіне байланысты. Университет Президенті және ректор өкілінен бастап барлық басшылар стратегиялық жоспарды жүзеге асыруды бірінші кезекке қойып, оқытушы-профессорлар құрамы мен әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері де толық қолдау көрсеткен жағдайда ғана даму жоспарын жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Стратегияны жүзеге асыру механизмі Стратегиялық жоспарлау Кеңесі, Стратегиялық жоспарлау және сапа комитеті, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының қадағалауы арқылы жүзеге асады.

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы тиісті стратегиялардың жүзеге асырылуы бойынша нақты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындайды, құзырлы орындарға бекіттіреді, жоспарлардың жүзеге асуын бақылау мен қолдауды үйлестіреді.

Ахмет Ясауи университетінің 2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарының жүзеге асырылуы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы тарапынан үнемі бақыланып отырады және атқарылған жұмыстар туралы өздерінің тиісті түзетулері мен ұсыныстарын жасап Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетіне есеп береді.

Стратегиялық жоспарлау және сапа комитеті дайындалған жоспар және бағдарламаларды қолданысқа енгізу құқығына ие оқу үдерісіне қатысты бөлімдер мен әкімшілік-шаруашылық (басқару) бөлімдерінен құралады. Стратегиялық жоспарлау және сапа комитеті университеттің барлық салалар бойынша стратегиялық жоспарлардың орындалуын тексереді және жүзеге асырылатын жоспарларды дайындайды. Жоспарларды жүзеге асыру үшін тиісті мәліметтердің жиналуын қамтамасыз етеді. Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетіне логистикалық және техникалық тұрғыдан бейімделген әкімшілік-шаруашылық бөлімдері мен оқу үдерісіне қатысты бөлімдер, сондай-ақ қарым-қатынас орнатылған басқа құрылымдық бөлімдер қолдау көрсетеді. Стратегиялық жоспардың белсенді түрде жүзеге асырылуы үшін тиісті бөлімдер арасында міндетті түрде байланыс және ынтымақтастық орнатылуы тиіс.

Стратегиялық жоспарлау кеңесі Стратегияға жауапты болу міндетін атқарады. Стратегиялық жоспарлау кеңесіне ректорат тарапынан тағайындалған жауапты тұлға басшылық жасайды. Стратегиялық жоспарлау кеңесінде жоспарларды жүзеге асыру нәтижелері мен даму көрсеткіштері салыстырмалы түрде бағаланады. Стратегиялық жоспардың есебі Сенат мәжілісіне немесе университеттің Басқару кеңесіне ұсынылады.

Стратегияны жүзеге асыру үшін:

1) жұмыс топтары ұйымдастырылады (семинарлар, кеңестер, басқосулар, форумдар), Стратегияның орындалуы бойынша мониторинг және стратегиялық жоспарды іске асыру жүргізіледі;

2) жүйелі әдістемелік және мониторингтік зерттеулер мен ресми мәліметтер арқылы статистикалық стратегиялармен толықтырылады және ұдайы жаңартылады;

3) стратегиялық бағыттардың бағдарламалық және жобалық қамтылуы бойынша бір-бірімен байланысты тараулар ендіріледі:

- барлық деңгейдегі жобалардың басқарылуы;
- сараптаулар мен ендірулер;
- біліктілік жетілдірулер;
- ақпараттық және PR-қолдаулар;
- мониторинг және нәтижелерді бағалаулар;

4) Стратегияны жүзеге асыру бойынша презентациялық жарияланымдар дайындалады.

Университетті стратегияға сәйкес дамыту қаржыландыру көздерін әртараптандыру арқылы іске асады. Қаржыландыру көздері ретінде қаралатындар:

- бюджеттік қаржыландыру;
- бағдарламалық-мақсаттық және гранттық қаржыландырулар;
- халықаралық ұйымдар арқылы қаржыландырулар;
- қосымша ақылы білім беру қызметтері;
- басқа қаржы көздері.

Стратегияны жүзеге асыру барысында университеттің ішкі және сыртқы жағдайларындағы өзгерістерге байланысты түзетулер ендірілуі мүмкін.

Стратегияны жүзеге асыруды басқару жүйесі келесі компоненттерден тұрады:

- қойылған міндеттерді іске асырумен айналысатын құрылымдық бөлімдерді тиімді басқару;
- іс-шаралар жоспары;
- ресурстармен қамтамасыз ету, соның ішінде қаржылық;
- қатысушы тараптардың бір-бірімен қатынасын үйлестіру;
- мониторинг және бақылау;
- нәтижелерді бағалау;
- ақпараттық қолдаулар;
- стратегияға түзетулер ендіру.

Ахмет Ясауи университетінің корпоративті басқару құрылымына енетіндер:

- Стратегияны жоспарлау кеңесі.
- Сенат мәжілісі;
- Басқару кеңесі;
- Стратегиялық жоспарлау және сапа комитеті; Академиялық комитет, ғылыми-техникалық комитет, Тәлімгерлер комитеті;

- Мұнан басқа, оқу-әдістемелік және әлеуметтік мәселелерді үйлестіруші Оқу-әдістемелік Кеңес, Академиялық комиссия, Қаржы бақылау комиссиясы, Этикалық және тәртіп комиссиясы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясы, Кәсіподақ комитеті, Рейтинг комиссиясы бар.

## **9.КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР**

Стратегиялық жоспардағы басым бағыттарды әрі қарай дәйекті түрде жүзеге асыру Ахмет Ясауи университетің халықаралық, ұлттық, аймақтық және өңірлік деңгейде білім беру, практикалық инновациялық зерттеу, әріптестік қарым-қатынастарды жақсарту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру саласында тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Стратегияны бағалау жүзеге асуы жоспарланған барлық кезеңдерде және қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейлерін ескере отырып, коллегиялды талдау мен университет басшылығы тарапынан мақұлдау арқылы іске асырылады.

Стратегияның кезең-кезеңмен алға жылжуын қамтамасыз ететін нақты стратегиялардың жарамдылығын, тізбектестігін, орындалу мүмкіндігін анықтау келесі критерийлер арқылы мүмкін болады:

- 1) Стратегияны кезеңмен іске асыру (барлық кезеңді міндеттер Стратегиямен өзара келісімді және тізбекті болуы тиіс);
- 2) сыртқы ортаның өзгерісіне бейімділік;
- 3) жарамдылығы (қауіп-қатерлерге, тиімділіктерге, әсерлерге, күтілген нәтижелерге лайықтығы);
- 4) Стратегияның іске асу мүмкіндігі (ресурстармен қамтамасыз етілуі);
- 5) бәсекеге шыдамдылығы.

Стратегиялық жоспарды жүзеге асыру арқылы:

- оқу орнымыз QS рейтингі бойынша үздік топ-300 университеттер қатарына енеді;
- қаржы көздерін әртараптандыру (диверсификация), бюджеттен тыс түсімдерді арттыру, ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау, ақылы қызметтер көрсету, инвестиция тарту, эндаумент-қор құру іске асады;
- басқару жүйесін оптимизациялау, әкімшілік шығындарды 20%-ға қысқарту, барлық процестерді автоматтандыру, Paper free жүйесіне көшу іске асады;
- білім беруді жаңарту және оқу мазмұнына редизайн жасау, жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынас орнату, техникалық, құрылыс, аграрлық мамандықтардың басым бағыттарын дамыту іске асады;
- магистратураға, докторантура қабылдау сәйкесінше 200 және 50 орынға дейін артады, жас оқытушылардың ғылыми дәрежелілік көрсеткіші 40%-ға дейін артады, түрік тілін меңгерген ОПҚ үлесі 40%-ға дейін, ағылшын тілін игерген ОПҚ үлесі 30%-ға дейін артады;

- бітіруші түлектерге деген сұраныс 90%-ға дейін артады және олардың еңбек жалақы мөлшерлері орташа өңірлік деңгейге көтеріледі;
- студенттік жатақханалар мен оқытушылар үшін коттедж қалашығы бой көтереді.

## **10. ҚОЛДАНЫЛҒАН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

Ахмет Ясауи университетінің 2019-2023 жылдарға арналған бұл стратегиясы төмендегі нормативтік құжаттардың мақсатына, міндетіне және негізгі бағыттарына сай әзірленген:

1. Түркия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісім мен университет Жарғысы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»;
3. Түркия Республикасы Ұлттық Білім беру министрлігі, Білім беру бойынша келешек келбеті -2023.
4. Түркия Республикасы Ұлттық Білім беру министрлігі Жоғары білім беру кеңесі Стратегиялық жоспары, 2015.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», 10 қаңтар 2018ж.;
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 27 шілде 2007 жылғы №319 Заңы;
7. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» 18 ақпан 2011 жылғы №407 Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 7 желтоқсан 2010 жылғы Жарлығы;
